

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА ЕКБЕКТИҢ
АУМАҚТЫҚ-САЛАЛЫҚ БӨЛІНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

**ПРОБЛЕМЫ ТЕРРИТОРИАЛЬНО-ОТРАСЛЕВОГО РАЗДЕЛЕНИЯ
ТРУДА НА ПРИМЕРЕ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**ISSUES OF TERRITORIAL-SECTORAL LABOR DIVISION ON THE
EXAMPLE OF THE WEST KAZAKHSTAN REGION**

А.И. ГИЗЗАТОВА

экономика ғылымдарының докторы, профессор

Ж.К. ЕРЖАНОВА

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Б.К. РАХИМГАЛИЕВ

экономика магистрі

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Аңдатпа. Ауыл шаруашылығындағы еңбектің аумақтық-салалық бөліну мәселелері қарастырылған. Батыс Қазақстан мысалында – бұл екі процестің екі жағы: еңбектің аймақтық-салалық бөлінуі көрсетілген. Өнімділігі жоғары техниканы, тыңайтқыштарды, улы заттарды қолдануға негізделген оның артықшылықтарын пайдалану, Қазақстан Республикасы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жұртшылық шаруашылығы аграрлық экономиканың ең маңызды секторы – органикалық ауыл шаруашылығын құруға жағдай туғызатыны көрсетілген. Бұл шаралар тек мемлекеттің белсенді араласуы арқасында жүреді.

Аннотация. Рассмотрены вопросы территориально-отраслевого разделения труда в сельском хозяйстве. На примере Западно-Казакхстанской области показано, что размещение и специализация сельскохозяйственного производства по зонам и регионам страны – это две стороны одного и того же процесса: территориально-отраслевого разделения труда. Использование его преимуществ и прорывных технологий, основанных на применении высокопроизводительной техники, удобрений, ядохимикатов позволит создать высокоэффективное сельскохозяйственное производство, обеспечить продовольственную безопасность Республики Казахстан и быть в числе основных игроков на мировом агропродовольственном рынке. Показано, что хозяйства населения могут способствовать формированию в области важного сектора аграрной экономики - органического сельского хозяйства. Мероприятия по совершенствованию территориально-отраслевого разделения труда в сельском хозяйстве возможны только при активном участии государства.

Abstract. The issues of territorial and sectoral labor division in agriculture have been explored. Based on the example of the West Kazakhstan region, it was shown that location and specialization of agricultural production by zones and regions of the country - are two sides of the same process: territorial and sectoral labor division. The use of its advantages and breakthrough technologies based on the application of high-performance machinery, fertilizers, pesticides will facilitate establishing of highly efficient agricultural production and ensure food security of the Republic of Kazakhstan and become one of major participants of global agrifood market. It is shown that population households may contribute to the formation of the important sector of agricultural economy - organic agriculture in the region. Measures on improvement of territorial and sectoral labor division in agriculture are possible only in case of active participation of the government.

Тұтқалы сөздер: ауыл шаруашылығы, еңбектің аумақтық-салалық бөлінуі, мамандандыру, өсімдік және мал шаруашылығы, инновациялық технологиялар, азық-түлік қауіпсіздік, азық-түлік рыногі, салаларды орналастыру, импорт.



Ключевые слова: сельское хозяйство, территориально-отраслевое разделение труда, специализация, растениеводство, животноводство, инновационные технологии, продовольственная безопасность, агропродовольственный рынок, размещение отраслей, импорт.

Keywords: agriculture, territorial and sectoral labor division, specialization, crop production, live-stock production, innovation technologies, food security, agri-food market, location of sectors, import.

Қазақстан Республикасының аграрлық азық-түліктік кешенін дамыту мен оны мемлекеттік реттеудің маңызды мақсаттарының бірі ретінде республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету көрінеді. Қазіргі жағдайда азық-түлік қауіпсіздігін оның қызмет етуін қолдауға құқық тұрғысынан жаһандық және ұлттық деңгейден бастап жекелеген тұлғаға дейінгі иерархиялық тұрпаттағы жүйелі мәселе ретінде қарастыру қабылданған. Бұл мәселе ұлттық, экономикалық, энергетикалық, шикізаттық және экологиялық мәселелермен ажырамас байланысты. Әр мемлекетте оның шешімін табуға халықаралық жағдай елеулі ықпал етеді. Сондай-ақ азық-түлік мәселесі тек өзі дербес емес, сонымен бірге ғаламшардың өзге де жаһандық – демографиялық, экологиялық, энергетикалық, әскери мәселелерімен бірге әрекет етеді. Азық-түлік қауіпсіздігінің мәселелерін шешу аймақта өзінен-өзі жүзеге аспайды, ол мемлекеттің тұтастылығымен байланысты, мемлекетпен шешіледі.

Ұлттық азық-түлік қауіпсіздігінің қажетті жағдайы болып елдің отандық өндірістің азық-түлігімен өзін-өзі қамтамасыз етудің белгілі бір деңгейін білдіретін азық-түлік тәуелсіздігі саналады. Елдің өзін-өзі қамтамасыз ету көрсеткіші тұрғындардың тамақ өнімдеріне деген қажеттілігінің негізгі бөлігін ішкі өндіріс есебінен қанағаттандыру деңгейін сипаттайды және азық-түліктің жеке өндірісінің оның ішкі тұтынуға қатынасы ретінде анықталады. Елдің азық-түліктік тәуелсіздігінің біртіндеп жоғалуы кезінде оның азық-түлік қауіпсіздігі бұзылады, азық-түлік тауарлары мен ауыл шаруашылығы шикізаттарының ірі ауқымды импорттық жеткізілімдері аймақ аралық өзара алмасуға қысым жасайды, елдің агроөнеркәсіптік өндірісіндегі тиімді аумақтық-салалық еңбек бөлінісінің негізі ретінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірістері мамандандырылған аймағын құру және дамытуды тежейді [1].

Азық-түлік – үнемі толықтырылып отыратын экспорттық ресурс және дүниежүзілік аграрлық азық-түлік нарығындағы жоғары өтімді тауар. Осыған байланысты Қазақстан аймақтарының аграрлық потенциалын тиімді пайдалану ұлттық азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен бірге

отандық азық-түлік тауарлары мен ауыл шаруашылығы шикізаттарының экспортын едәуір арттырады, ал Ресейге қарсы санкциялар мен оған жауап беру шаралары жағдайында осы елдердің аграрлық азық-түлік нарығындағы босаған бос орындарды иелену, сондай-ақ әлемдегі республиканың беделін елеулі арттыра отырып, азық-түліктің ірі әлемдік экспорттаушылары қатарынан көрінуге мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ауыл шаруашылығының тұрақты даму факторы ретінде еңбектің аумақтық-салалық бөлінісі аз шығынды болып келеді және өндірілетін өнімнің бәсекелік артықшылығының табиғи артықшылықтарын қолдануға мүмкіндік береді. Еңбектің аумақтық-салалық бөлінісінің және жоғары өнімді техниканы, тыңайтқыштарды, улы химикаттарды қолдануға негізделген алдыңғы қатарлы технологиялардың артықшылықтарын қолдану Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-қа жоғары тиімді ауыл шаруашылығы өндірісін қалыптастыруға және әлемдік аграрлық азық-түлік нарығында негізгі қатысушылар болуына ықпал етті. Отандық өндірісте бұл факторларды қолдану қазақстандық ауыл шаруашылығының жекелеген бөліктерін, әсіресе бәсекеге қабілеті төмен ұсақ тауарлық өндірісті, техникалық жарақтандыруды, артта қалған технологияларды және т.б. күшейтуге бағытталуы тиіс.

Бұл мүмкіндіктерді жүзеге асыру ауыл шаруашылығы өндірісін республика аумағында, оның жекелеген облыстарында тиімді орналастырумен, яғни өнімнің әр жекелеген түрлерін қолайлы жағдайлар бар аймақтарда, шаруашылықтарда орналастырумен байланысты. Елдің аймақтары және бөліністері бойынша ауыл шаруашылығы өндірісін орналастыру және мамандандыру – бұл еңбектің аумақтық-салалық бөлінісінің үрдісінің екі жағы. Орналастыру сандық жағын, яғни өндірістік-аумақтық бірлестікте, бөліністе, ауданда, аймақта қандай және қанша өнім өндірілу керектігін білдіреді, ал мамандандыру сапалық жағын, яғни оларда қандай басты тауарлық салалар дамуы керек екендігін білдіреді.

Қазіргі уақытта еңбектің аумақтық-салалық бөлінісі бір жағынан сұраныс және ұсыныспен негізделсе, екінші жағынан – аграрлық азық-түліктік нарықты және оның өнімді





сегменттерін мемлекеттік реттеумен негізделген. Еркін кәсіпкерлік жағдайында қызмет сферасын өндірушінің өзі таңдайды, ал мемлекет агробизнесі мемлекеттік реттеудің түрлі құралдары көмегімен бұл үрдісті ынталандырады немесе тежейді [2].

Еңбек бөлінісінің теориясын дамытудың теориялық және әдістемелік негізі Сократ, Платон, Аристотельдермен салынған болатын. Қоғам дамуындағы еңбек бөлінісінің жетекші ролін сезіне отырып, олар еңбекті мамандандыру түсінігін енгізді, тауар сапасын жақсартуда еңбек бөлінісінің позитивті ролін, адамдар үшін өзінің қабілеті бойынша қызмет сферасын таңдау мүмкіндігін көрді, оны қоғамды бөлу негізі, мемлекеттің иерархиялық құрылуы себебі ретінде қарастырды.

Еңбек бөлінісі теориясының дамуына классикалық экономикалық өкілдері – А.Смит, Д.Рикардо, Ж.В.Сэй елеулі үлес қосты. Олар еңбек бөлінісін еңбек өнімділігі өсімінің, ұлттық байлық артуының маңызды жағдайы деп санады. А.Смит алғаш рет еңбек бөлінісі туралы жүйелі ғылым ұсынды және аумақтың тұрмыс жағдайы тек алтын мен күміс санына ғана емес, еңбек бөлінісі және кооперация есебінен өндірістің даму деңгейіне қаншалықты тәуелді екендігін көрсетті. Д.Рикардо зерттеулері барлық тауарлардың өндірісі мен тұтынуы ұлғаюы мүмкін, егер де аумақ салыстырмалы артықшылықтарға ие тауарлар өндірісі мен саудасына маманданатын болса деген қорытынды жасауға ықпал етті. Еңбек бөлінісінің артықшылықтарын атай отырып, елдің экономикалық өсімі үшін мүмкіндікті қалай ашатындығын көрсете отырып, өзінің аумағының артықшылықтарын неғұрлым мақсатты пайдалана алмайтын құлдырауға ұшырайды деген тұжырым жа-салды. Олардың пікірлері қандайда бір жағдай болмасын бұл үшін потенциалды мүмкіндігі бар елдер азық-түліктің негізгі түрлерімен өзін - өзі қамтамасыз ету мақсатында жеке ауыл шаруашылығы өндірісін дамытпайтын болса, онда әлемдік шаруа-шылықтың біртіндеп жаһандануы жекелеген жағдайларда ұлттық азық-түліктік тәуелсіздіктің белгілі бір жоғалтуына алып келуі мүмкін деп тұжырымдайды. Сондықтан да, бүгінгі күні салыстырмалы түрде республиканың әр жекелеген облыстарында ай-мақаралық өнімді және шикізаттық байла-ныстарды кеңейту кезінде өзін өзі қамтамасыз ету проблемасы тұруы керек.

Салаларды орналастыру әр аумақтың (аймақтың, бөліністің, ауданның, жекелеген шаруашылықтардың) бәсекелік артықшылығын пайдалануды көздейді деген классиктердің ғылыми ережесі классиктерден бастап осы заманғы ғалымдарға дейін салаларды тиімді орналастыру негізі ретінде қарастырады. Олар ауыл шаруашылығы қызметіне неғұрлым қолайлы табиғи және экономи-

калық жағдайлар бар табиғи аумақтар мен аймақтарда ауыл шаруашылығы қызметінің басымды түрлерін дамытуды ынталандыруға, кеңейтілген ұдайы өндіріс деңгейінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің кірісін қолдауға, табиғи-экономикалық артықшылықтарды есепке ала отырып, тауарлық бейімделу аумақтарында өнім өндірісін квоталауға бағдарламалық-мақсатты бағытты жүзеге асыруға қолдау көрсетеді [3].

Ауыл шаруашылығы өндірісін орналас-тырудың аумақтық ұстамы осы заманғы технологиялардың, шаруашылық жүргізу модельдерінің жергілікті жағдайға бейімделуі арқылы әр облыстың (аймақтың) потенциалды мүмкіндіктерін барынша пайдалануды қарастырады.

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлері, шикізаттар және азық-түліктер өндірісі бойынша өндіру арзан және неғұрлым сапалы болатын мамандандырылған аумақтар қалыптастыру арқылы, яғни еңбектің аумақтық-салалық бөлінісі арқылы ауыл шаруашылығын дамыту негізінде азық-түліктік тәуелсіздіктің объективті жағдайы бар.

Ауыл шаруашылығының жекелеген салаларын дамытудың потенциалды мүмкіндігіне ие облыстардың қатарына республиканың батыс өңірінде орналасқан Батыс Қазақстан облысы да жатады. Облыс оңтүстік – шығыстық, Ресей Федерациясының ірі ауыл шаруашылықтық облыстарының неғұрлым шөлейтті аумақтарымен: солтүстігінде – Саратов, Самара және Оренбург облыстарының далалық бидай-мал шаруашылықтық аудандарымен; батысында – Волгоград облысының құрғақ далалық аумақтарының мал шаруашылықтық-бидайлық аудандарымен; оңтүстік – батысында – Астрахань облысының мал шаруашылықтық аудандарының жартылай шөлейтті аумақтарымен; сондай-ақ Қазақстан Республикасының облыстарымен: шығысында – Ақтөбе облысының бидай – мал шаруашылықтық аудандарының далалық жерлерімен және оңтүстігінде – Атырау облысының солтүстік мал шаруашылығы аудандарының жартылай шөлейтті аумақтарымен шектеседі.

Облыс үшін ішкі және сыртқы нарыққа бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізуші ретінде көрінуге мүмкіндік беретін табиғи және экономикалық жағдайлар тән. Бірақ та облыс үшін елдің ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығында ірі қатысушылар және экспорттық өнімді негізгі жеткізушілер (өндірушілер) ретінде танымал Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарына қарағанда ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін қолайлы жағдай төмен болып саналады.



Облыстың осы заманғы ауыл шаруашылығы жалпы аймақтық өнімнің 3%-дан астамын ғана қамтамасыз етеді, яғни республиканың ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 3%-ына сәйкес келеді.

Батыс Қазақстан облысы 151,3 мың шаршы шақырым немесе 15130 мың га аумаққа ие, олардың 92%-ы немесе 13907,3 мың га – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер. Ауыл шаруашылығы жерлерінің құрамында облыс аумағы бойынша тепе-тең орналаспаған 518,4 мың га немесе 4,4%-ы аңызға, 1224,6 мың га немесе 8,8 %-ы шабындыққа және 11025 га немесе 79,2%-ы жайылымның үлесіне тиесілі. Облыстың топырақ-климаттық және экономикалық

жағдайларына сәйкес мұнда өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының жекелеген салаларын орналастыру қалыптасқан. Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығындағы қалыптасқан еңбектің аумақтық-салалық бөлінісін талдау ресми статистиканың мәліметтері негізінде жүргізілді. Талдау көрсеткендей, соңғы бес жылда ауыл шаруашылығы өнімдерінің құндық көлемі: 2014 жылы 2010 жылмен салыстырғанда өсімдік шаруашылығы өнімдерінің 2 еседен астам ұлғаюы есебінен 60,2 %-ға немесе 31764,8 млн теңгеге артқан (1-кесте). Облыстың мал шаруашылығы облыстың ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 60 %-на дейін қамтамасыз етеді.

1-кесте. Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығының 2010-2014 жылдардағы жалпы өнімі, млн. теңге

	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2014ж. / 2010 ж. % қатынасы
Барлығы	52808,2	82756,0	73418,9	79678,4	84573,0	160,2
с.і. өсімдік шаруашылығы	16369,1	39686,4	26671,4	31119,7	34370,6	2,1 есе
мал шаруашылығы	34229,6	42906,1	46567,8	48071,6	49567	144,8
Ақпарат көзі: ҚР Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері негізінде құрастырылған						

Облыстың өсімдік шаруашылығының шаруашылық қызмет етуі қалыптасқан нарықтық жағдайда бидай, көкөніс-бақша, картоп шаруашылығына, мал азығы өндірісіне маманданған. Бидай себуге кей жылдары облыстың егістік жерлерінің 65 %-ына дейін бөлінген. Негізгі дақыл болып облыстың бидай егуге арналған жерінің 67-68%-ына дейін алатын жаздық және күздік бидай бо-лып табылады. Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімінің құндық көлемі құрылымында бидай және бидай тектес өнімдердің үлесіне 20%-дан астам келеді, картоп пен көкөніс-бақша дақылдары құнның 26% дейін, мал азығы өндірісі 50% астам қамтамасыз етеді.

Облыстың өсімдік шаруашылығы жалпы өнімінің құндық көлемінің ұлғаюы жалпы түрде негізгі өндірілетін дақылдардың өнімділігінің жоғарылауы есебінен жүрді. Сонымен, осы жылдары күздік бидайдың орташа өнімділігі 6,3 ц/га-дан 17,9 ц/га дейін, жаздық бидайдың өнімділігі – 3,5 ц/га-дан 5,9 ц/га дейін өсті. Сондай-ақ, облыста өндірілетін өзге де дақылдардың өнімділігі: картоп 108,1 ц/га-дан 145,2 ц/га дейін, көкөністер – 112,7 ц/га-дан 145,4 ц/га дейін, бақша өнімдері – 130,7 ц/га-дан 149,7 ц/га дейін өскен. Облыста бидай және бидай тектес дақылдар егісінің жерлері қысқаруы есебінен егістік жерлердің қысқаруы жалғасып келеді. 2014 жылы егістік жерлер 509,5 мың га немесе

2013 жылғы егістік жерлердің 94%-ын, ал 2015 жылы 2014 жылдың егістік жерінің тек 95,8% немесе 2013 жылғы егістік жерінің 90%-ын құрады. 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы өнімділіктің қысқаруы 2 есеге дейін жетті. Сонымен бірге, аграрлық секторы дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, қазіргі жағдайда елдің азық-түліктік тәуелсіздігін қамтамасыз етудің негізі болып мал шаруашылығын дамытудың, оның өнімінің жеделдетілген импорт алмасуының базасы болуы тиіс бидай өндірісін жолға қою табылады.

Кез келген ресурстың потенциалы белгілі бір жағдайда нәтиже арқылы іске асырылады немесе іске асырылмайды. Егер де нәтиже жоқ болса, ресурс потенциалы нөлдік немесе қарама-қарсы деп санау қабылданған, яғни ауыл кәсіпкерлері ресурстық потенциалды пайдаланбағанын білдіреді. Облыстың ауыл шаруашылығында қалыптасқан жағдай мемлекеттік реттеудің нәтижесі болып табылады.

Шабындықтар мен жайылымдардың үлкен көлемінің болуы, сондай-ақ мал шаруашылығын субсидиялау облыста етті-сүтті ірі қара шаруашылығын, қой, шошқа, жылқы, түйе және құс шаруашылықтарын дамытуға ықпал етеді. Әсіресе, қарастырылып отырған жылдары жылқы мен мүйізді ірі қараның мал басы едәуір өскен (2-кесте).

[illegible]

мың бас

Ақпарат көзі: ҚР Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері негізінде құрастырылған

Топырақтың құнарлылығы бойынша неғұрлым бай болып бірінші ауыл шаруашылығы аймағының аумағында – облыстың солтүстігінде аз ғана жерді алып жатқан оңтүстік қара топырақты жерлер саналады. Мұнда сондай-ақ топырақтың бонитет баллы 23,0-47,1 дейін жететін қою қоңыр және қоңыр топырақтар таралған.

Саланың 36,5% өнімін қамтамасыз ететін екінші ауыл шаруашылығы аймағына Жәнібек, Казталов, Тасқала, Сырым, Ақжайық, Қаратөбе аудандары аумақтарының басым бөлігі кіреді. Басымдықты дамуға мал шаруашылығы салалары – ірі қара шаруашылығы, қой шаруашылығы, табынды жылқы шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы саласынан – астық, мал азықтық және бақшалық

маусымдылықты қысқартты, ауылдағы қордаланған әлеуметтік мәселелерді азайтты. Мал шаруашылығы саласын бәсекеге қабілетсіз жасай отырып қол еңбегінің үлесі жоғары және экстенсивті технологияны қолданатын ұсақ тауарлы секторға айналдырады.

Орналастыру – маңызды мәселе, бірақта технологиялық және ұйымдық факторлармен анықталатын бәсекеге қабілеттілік пен тиімділіктің жалғыз факторы емес. Қызмет түрлері және ұйымдық құрылымдар шеңберінде өндірістің технологиялық типтеріне жүргізілген талдау облыстың ауыл шаруашылығы саласында инновация элементтері бар экстенсивті-интенсивтіге (ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа немесе фермерлік қожалықтар), интенсивті-экстенсивтіге (жеке кәсіпкерлер), экстенсивтіге (жеке қосалқы шаруашылықтар) жатқызылуы мүмкін ұйымдық құрылымдармен тығыз байланысты өндірістің технологиялық типтерінің қызмет ететінін көрсетті. Сала өнімінің құрылымындағы олардың әрқайсысының үлесі әртүрлі, бірақта облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі көлемін кәсіпкерліктің шағын және ұсақ нысандары өндіреді (3-кесте).

Аграрлық өндірістің мал шаруашылығына қарай құрылымдық өзгеруі белгілі бір шарада жермен байланысты еңбекке тән

3-кесте. Батыс Қазақстан облысы бойынша барлық санаттағы шаруашылықтарда өндірілген өнімнің негізгі түрлерінің құрылымы, % (2010-2014 жж.)

Өнім түрі	Шаруашылық санаттары		
	АШТ	Ш(Ф)Қ	ЖҚШ
Жұмыртқа	65,5	2,0	32,5
Сүт	0,7	16,3	83,0
Ет (сойылған салмақта)	3,7	28,6	67,7
Картоп	5,5	22,7	71,8
Көкөніс	1,7	29,8	68,5
Бақша өнімдері	1,0	49,1	49,9
Бидай	28,7	71,3	-
Ақпарат көзі: ҚР Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері негізінде құрастырылған			

нады. Бұл жағдайда ауыл шаруашылығының дамуын ретейтін мемлекеттік орган-дардың маңызды міндеті тұрғындар шаруашылықтарын инновациялық экономикаға бейімдеу болуы тиіс. Кәсіпкерліктің шағын және ұсақ нысандарын сұраныс артып келе жатқан экологиялық таза өнім өнім өндіруге мақсатты бағыттау қажет. Бұл бағытты іске асыру облыста аграрлық экономиканың айырықша секторын – аграрлық өндірістің осы типіне тән инновациялық технологияларды қолданатын, себу айналымы, түрлі технологиялық тәсілдерді біріктіру есебінен топырақтың құнарлылығын қалпына келтіретін органикалық ауыл шаруашылығын қалыптастыруға ықпал ететін болады. Жерді қажетті элементтермен байытатын және оның құрылымын жақсартатын бір жылдық

Облыста дәстүрлі түрде картоп, көкөніс және бақша дақылдары өндірісі, сондай-ақ бақ шаруашылығы суармалы жерлерде жүзеге асыратындығын атап өту маңызды. Облыс тұрғындарының шаруашылықтары көп қырлы, ауыл шаруашылығы малдарын ұстау-ды картоп, көкөніс бақша дақылдарын өндіру-мен, жеміс-жидек дақылдарын өсірумен қатар алып жүретіндігі маңызды. Минералдық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын сатып алуға қаржы ресурстарының болмауынан олар дәстүрлі түрде көң мен компосттық қоспаларды пайдала-

Республиканың өзге облыстары сияқты Батыс Қазақстан облысы үшін де елдің және оның аймақтарының агроөнеркәсіптік кеше-

- төртіншіден, Еуроазиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерінің агроөнеркәсіптік өндірістеріндегі еңбектің аумақтық-салалық бөлінісінің жалпы сызбасын іске асыру шеңберінде агроөнеркәсіптік өндірістерді ұтымды орналастыру және мамандандыруды тереңдету, өзара сауданы кеңейту және азық-түліктік тауарлар мен ауыл шаруашылығы шикізаттарының экспортын арттыру бойынша Еуроазиялық экономикалық одақ мемлекеттерінің біріккен іс-әрекеттерін үйлестіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Алтухов А.И. Обеспечение продовольственной независимости страны – основа ее продовольственной безопасности // Экономика сельского хозяйства России. – 2015. - № 11. – С. 3.
- 2 Баймуратов У.Б. Национальная экономическая система. – Алматы: Ғылым, 2000 – 536 с.
- 3 Калиев Г.А. Актуальные проблемы развития АПК Казахстана. – Алматы: КазНИИ экономики АПК и развития сельских территорий, 2013. – 23 с. 4 Гиззатова А.И. Органическое агропроизводство – как один из путей развития сельского хозяйства Западно-Казахстанской области // Проблемы агрорынка. – 2014. -№1. - С. 82-89.
- 5 Молдашев А.Б., Никитина Г.А. Межгосударственное сотрудничество в сфере агропромышленного комплекса стран ЕАЭС и Центральной Азии // Проблемы агрорынка. – 2015. -№2. - С. 5-12.

Pajdalanylғаң әdebietter tizimi

- 1 Altuhov A.I. Obespechenie prodovol'stvennoj nezavisimosti strany – osnova ee prodovol'stvennoj bezopasnosti // Jekonomika sel'skogo hozjajstva Rossii.– 2015.- №11.– S. 3.
- 2 Bajmuratov U.B. Nacional'naja jekonomicheskaja sistema. – Almaty: Fylym, 2000 – 536 s.
- 3 Kaliev G.A. Aktual'nye problemy razvitiya APK Kazahstana.– Almaty: KazNII jekonomiki APK i razvitija sel'skih territorij, 2013.– 23 s.
- 4 Gizzatova A.I. Organicheskoe agroproduktstvo – kak odin iz putej razvitija sel'skogo hozjajstva Zapadno-Kazahstanskoj oblasti // Problemy agrorynka. – 2014. -№1. - S. 82-89.
- 5 Moldashev A.B., Nikitina G.A. Mezhdgosudarstvennoe sotrudnichestvo v sfere agropromyshlennogo kompleksa stran EAJeS i Central'noj Azii // Problemy agrorynka. – 2015. - №2. - S. 5-12.